23019211749

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 7 қазан №4360-25-00-2/1844 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші - судья С. Умарсирикова,
Б. Исатайдың хатшылығымен,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«е-АПК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАР:
«Транстелеком» акционерлік қоғамының Қызылорда қаласындағы «Қызылордатранстелеком» филиалы
«Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Біліктілікті арттыру орталығы
«Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесі
«Қызылорда облысының білім басқармасының «Шиелі ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАП МӘЛІМДЕМЕЙТІН ЖАУАПКЕРДІҢ ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
Ислам Каракулулы Рустембаев, Ерлан Мырзабайұлы Әбутәліп, Зарина Амалбековна Елемесова, Әлібек Нұрланұлы Қалдыбеков, Маулен Ерғалиұлы Махул

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А. Қуандық

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 14.10.2025

жауапкер және оның өкілі О. Омаров, Ж. Бегалиев
мүдделі тұлғалар Р. Оспанов, А. Жұманов, Е. Нәлтаев, Ғ. Пркауов,
үшінші тұлға Ә. Қалдыбеков

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасымен (бұдан әрі-Басқарма) Қызылорда облысының білім басқармасының Шиелі мен Қазалы аудандары бойынша білім бөлімінің (29.04.2025 жылғы №14550870-2, 21.05.2025 жылғы №14784226-1, 21.05.2025 жылғы №14785343-1) ақпараттық жүйелерді жаңарту бойынша қызметтер конкурстар ұйымдастырылған.

Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарының 4. тармақшасында еңбек ресурстарына 5 бірлік тұтынушыларға қызмет көрсету дағдылары сертификаттары бар Call-орталықтың білікті қызметкерлері (сертификат, жұмысқа қабылдау бұйрығы) болуы туралы шарт қойылған.

Жоғарыдағы аталған 3-конкурстың жеңімпазы болып «е-АПК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі-ЖШС) танылған.

2025 жылғы 9 шілдеде конкурс қорытындысына келіспеген «Транстелеком» акционерлік қоғамының Қызылорда қаласындағы «Қызылордатранстелеком» филиалы (бұдан әрі-Филиал) тарапынан шағым (№ТТС/393/КЗО-И) түскен, онда жауапкер тарапынан конкурстық құжаттамаларда анық емес ақпарат ұсынылғандығы туралы уәж келтіріп, қорытындылар туралы хаттаманы қайта қарауды талап еткені көрсетілген, себебі жауапкердің қызметкерлері, яғни Ислам Каракулулы Рустембаев (тіркеу нөмірі: №331, 05.03.2025 жыл), Ерлан Мырзабайұлы Әбутәліп (тіркеу нөмірі: №328, 05.03.2025 жыл), Зарина Амалбековна Елемесова (тіркеу нөмірі: №328, 05.03.2025 жыл), Әлібек Нұрланұлы Қалдыбеков (тіркеу нөмірі: №330, 05.03.2025 жыл), Маулен Ерғалиұлы Махул (тіркеу нөмірі: №329, 05.03.2025 жыл) тарапынан Алматы энергетика және байланыс университетінің біліктілікті арттыру институты тарапынан «Call-орталықтағы телефон қоңырауларын өңдеу бойынша маман» біліктілігі бойынша берілген сертификаттардың берілмегендігін растайтын 2025 жылғы 30 маусымдағы хат көшірмесін тіркеген.

Басқарма өз тарапынан шағымда көрсетілген ақпараттарды нақтылау мақсатында сертификаттарын берілген «Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» комерциялық емес Акционерлік Қоғамының Біліктілікті арттыру ортылығына (бұдан әрі-университет) 2025 жылғы 10 шілдеде №07-01/1733 хат жолданып, нәтижесінде 2025 жылғы 11 шілдедегі №1899/1 жауабымен «Call-орталықтағы телефон қоңырауларын өңдеу бойынша маман» біліктілігі

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 14.10.2025

бойынша Серіктестіктің 5 қызметкерлеріне сертификаттарың бермегендігі, жүйеде тіркелмегендігі және оқудан өтпегендігі хабарланған.

2025 жылғы 11 шілдеде Басқарма Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне (бұдан әрі-Департамент) жинақталған құжаттар негізінде анықтығын растау мақсатында хат жолдаған.

Департамент 2025 жылғы 18 шілдедегі №04-15/2740 жауабымен «Еңбек ресурстары» бөлігінде «Call-орталықтағы телефон қоңырауларын өңдеу бойынша маман» ретінде ұсынылған 5 мамандарға берілген біліктілігі бойынша сертификаттарына қатысты анық емес ақпараттар ұсынылуына байланысты Заңның 8 және 14 баптары негізінде тиісті көзделген жұмыстарды атқаруды хабарлаған.

Сәйкесінше талап қоюшы біліктілік талаптары туралы анық емес ақпарат бергені үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы аталған талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюға пікірінде талап қоюмен келіспейтінін, себебі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің және «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыс беруші осы бапта көзделмеген құжаттарды талап етуге құқылы емес. Демек, жұмыс беруші үміткерді арнайы біліктілікті талап ететін жұмысқа қабылдау кезінде тек оның тиісті біліктілігін растайтын құжатты ғана талап ете алады және үміткер ұсынған құжатты шүбәсіз тануы тиіс. Оның үстіне әлеуетті өнім берушінің не өнім берушінің өзінің конкурсқа қатысуға өтініміне қоса тіркеген қызметкерінің біліктілігі туралы құжаттың шынайылығын немесе жалғандығын анықтау, ол мақсаттарда тексеру немесе сұрау салуға құзыреті де, құқығы да жоқ.

Өз кезегінде, талап қоюдың барлық оқиға 2025 жылдың 11 шілдесінде басталған болса, талап қоюда көрсетілген конкурстардың барлығы бойынша қорытындылары 2025 жылдың мамыр айында шығып, шағым беру мерзімі ішінде шағым берілмеуіне байланысты күшіне еніп, мамыр айының соңына қарай тапсырыс берушілермен тиісті келісімшарттар жасалып қойған. Қазіргі таңда «е-АПК» ЖШС-і келісімшарттар бойынша алған міндеттемелерін тиісті түрде орындауда, ал филиалдың 2025 жылғы 9 шілдедегі №ТТС/393/КЗО-И хатын (шағымын), оны қарауға құзыреті болмағанын, Университеттің 2025 жылғы 11 шілдедегі №1899/1 және 2025 жылдың 15 шілдесіндегі №1901 жауап хаттарын, Департаментінің 2025 жылғы 18 шілдедегі №04-15/2740 жауап хатын дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін мәліметтер ретінде анықтап, жарамсыз және дәлелдемелік күші жоқ деп танып, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Департамент сотқа жолдаған пікірде өздерінің тарапынан Университетке жоғарыда аталған тұлғалардың Университеттің біліктілікті

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 14.10.2025

арттыру орталығы тарапынан «Call-орталықтағы телефон қоңырауларын өңдеу бойынша маман» біліктілігі бойынша сертификаттардың берілгендігі (берілмегендігі) туралы 2025 жылғы 15 шілдеде №04-15/2696 сұраныс хаты жолданғанын, нәтижесінде университет 2025 жылғы 15 шілдедегі №1901 хатымен И. Рүстембаев, Е. Әбутәліп, З. Елемесова, А. Қалдыбеков, М. Махул «Call-орталықтағы телефон қоңырауларын өңдеу бойынша маман» біліктілікті арттыру орталығында оқудан өтпегендігі, олардың аты-жөндері университеттің сертификаттар тізілімінде тіркелмегені және сертификат көшірмелері университет тарапынан берілмегендігі көрсеткенін атап, талап қоюды қанағаттандыруды сұраған.

Филиал сотқа хат жолдап, онда Басқарма шағымын жолдағанын растаған, сонымен қатар өткізілген конкурстар бойынша еңбек ресурстарына қойылатын біліктілік талаптарының тізімінде 2 адамнан тұратын Microsoft Certified Developing SQL Databases немесе SQL database Development (сертифкат, тағайындау туралы бұйрық) деректер базасының сертификаты бар SQL дерекқорын жасаушы қажет екендігі көрсетілгенін, «е-АПК» ЖШС-і келесі тұлғаларға қатысты Skillfactory сертификаттарын ұсынды:- Сапарбек Ұлыбек мен Сүндетов Талғат, алайда, Skillfactory-дан аталған адамдар олардан оқымаған және Skillfactoryдан сертификаттар алмаған деген жауап бар екенін, бұл мән-жайлар конкурс өткізу барысында болуы мүмкін бұзушылықтар туралы, атап айтқанда, құжаттардың қолдан жасалуы туралы куәландырады, бұл қатысушылардың құқықтары мен мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімдерін бұзады деп көрсетті.

«Қызылорда облысының білім басқармасының «Шиелі ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Шиелі ауданы бойынша білім бөлімі) сотқа жолдаған пікірде 2025 жылғы 5 мамырдағы жарияланған конкурс бойынша және қорытынды хаттамаға сәйкес «е-АПК» ЖШС-і жеңімпаз болып танылып, 2025 жылғы 22 мамырда №277 жалпы сомасы 14 299 123 теңгеге көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалып, бүгінгі таңда 7 149 561 теңгеге жауапкер ақпараттық жүйелерді жаңарту бойынша қызметтерін атқарып, 50 пайыз төлем аударылғанын, сондықтан жауапкердің жұмыстың сапасына немесе орындаушылар құрамына қатысты білім бөлімі тарапынан ескертулер тіркелмегенін көрсетті.

Қазалы ауданы бойынша білім бөлімі сотқа жолдаған пікірде 2025 жылғы 8 сәуірдегі жарияланған конкурс бойынша және қорытынды хаттамаға сәйкес «е-АПК» ЖШС-і жеңімпаз болып танылып, 2025 жылғы 23 маусымда №79 жалпы сомасы 7 266 314,72 теңгеге және №78 жалпы сомасы 19 238 478,56 теңгеге көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалып, бүгінгі таңда шарттар бойынша 90 пайызы төлем аударылғанын, сондықтан жауапкердің жұмыстың сапасына немесе

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 14.10.2025

орындаушылар құрамына қатысты білім бөлімі тарапынан ескертулер тіркелмегенін көрсетті.

Үшінші тұлға Ә. Қалдыбеков сотқа пікірін жолдап, онда талап қоюмен келіспейтінін, талапты негізсіз деп есептейтінін, 2024 жылдың соңына қарай әлеуметтік желілерде кол орталық маманы бойынша оқытатыны және соңынан тиісті сертификат беретіні туралы жарнама көріп, сонда көрсетілген байланыс телефонына қонырау шалғанын, ол қоңырауға, қазір аты-жөні нақты есінде жоқ, бірақ қателеспесем Максат деген ер азамат жауап беріп, оқу мессенджерлер арқылы онлайн жүргізілетіні, Алматыға барудың қажеті жоқ екені, ақысы 20 000 теңге болатыны, соңынан ресми сертификат берілетіні туралы және басқа да қажетті ақпараттарды берді. Мұндай сертификаттар үлкен-үлкен IT компанияларға және байланыс операторларына жұмысқа кіруде артықшылық алып береді деп жарнамалағаннан соң оқуға қызығып, сол сертификатты алғанды жөн деп санап, содан сол Мақсат айтқан ЖСН бойынша каспий-терминал арқылы 20 000 теңгені аударып, оқудың басталатыны туралы хабарды күтіп отырған. 2025 жылдың қыс айлары еді, оқу ватсап желісі арқылы онлайн өтетінін хабарлап, топтық бейнеқоңырау арқылы жүргізілетінін жеткізді. Кейіннен оқу өткізіліп ол топтық бейне қоңырауға көптеген адам қосылып отырғанын көрген. Әрине қазіргі таңда телефон ауыстырғандықтан ол топтық қоңыраулар және Мақсатпен байланыстар туралы нақты ақпарат ұсына алматынын. Бірақ оқуды онлайн оқығаным рас және соңынан сол ватсап желісі арқылы осы сертификатты алғанын көрсеткен,

Сотта талап қоюшының өкілі талап қоюда көрсетілген уәждерін қуаттап, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Сотта жауапкер қарсы пікір уәждерін қолдап, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сотта мүдделі тұлғалардың өкілдері шешім қабылдауды соттың құзырына қалдыратыны туралы пікірін білдірді.

Сотта үшінші тұлға Ә. Қалдыбеков пікір уәждерін қолдап, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Үшінші тұлғалар сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланғанымен, сот отырысына дәлелсіз себептермен қатыспағандықтан, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4,6-бөліктеріне сәйкес, сот олардың қатысуынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 4-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 14.10.2025

қатысушылардың тізілімі анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 3-бабының 1)-тармақшасына сәйкес анық емес ақпарат – біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Сотта анықталғандай, жауапкер Қызылорда облысының білім басқармасының Шиелі мен Қазалы аудандары бойынша білім бөлімінің (29.04.2025 жылғы №14550870-2, 21.05.2025 жылғы №14784226-1, 21.05.2025 жылғы №14785343-1) ақпараттық жүйелерді жаңарту бойынша ұйымдастырылған қызметтер конкурс бойынша анық емес ақпаратты ұсынған, яғни жауапкердің қызметкерлері И. Рустембаевтың 2025 жылғы 5 наурыздағы №331, Е. Әбутәліптің 2025 жылғы 5 наурыздағы №328, З. Елемесованың 2025 жылғы 5 наурыздағы №328, Ә. Қалдыбековтың 2025 жылғы 5 наурыздағы №330 және М. Махулдың 2025 жылғы 5 наурыздағы №329 ұсынған сертификаттары «Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес Акционерлік Қоғамының Біліктілікті арттыру орталығынан берілмегендігі туралы 2025 жылғы 11 шілдеде Университеттің жауабынан белгілі болған, яғни әлуетті өнім беруші тарапынан біліктілік талаптары туралы шынайы емес ақпарат ұсынғаны расталды.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2025 жылғы 22 шілдеде жүгінген.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, сот талап қоюшының талабы қанағаттандырылуға, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады деп тұжырымдайды.

Сот үшінші тұлғаның уәждерін қабылдамайды, себебі сотқа қандайда бір дәлелдеме ұсынған жоқ.

Сот жауапкердің пікіріндегі уәждеріне сын көзбен қарайды, себебі сотта бұл мамандармен еңбек шарты жасалмағаны және олар сынақ

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 14.10.2025

мерзімімен қабылданғаны, ол аяқталғаннан кейін жұмысқа қабылдағаны туралы мәлімет жоқ екенін анықтады.

Сонымен бірге, АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «е-АПК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «е-АПК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажы өндірілсін.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Умарсирикова**

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 14.10.2025